

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі
Жастар және отбасы
істері комитетінің төрағасы
_____ М. Қожахмет
« 7 » _____ 2019 ж.



«Зерен-2019» Республикалық жастар жазғы лагерінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Республикалық жастар жазғы лагері (бұдан әрі – Лагерь) жастарды дамытуға бағытталған келесідей негізгі бағыттарды қамтиды:

- **Көшбасшылық және азаматтық белсенділік** (қоғамның дамуы мен патриотизм)
- **Әлеуметтік және креативті кәсіпкерлік** (стартаптарды құру және шешім қабылдау)
- **Мәдени код** (құндылықтар мен дәстүрлер, жаһандық мәдениет пен интеграция)

«Зерен-2019» республикалық жастар жазғы лагері бағдарламасы жастар жылына арналған байқаудың мақсаттарын, міндеттерін кеңінен жариялауға және өздерінің ой-пікірлерін жүзеге асыруға қабілетті талантты жастарды байқауға қатысуға, тартуға бағытталған ауқымды үгіт және ақпараттық науқанды көздейді.

2. Лагердің миссиясы

Дарынды жастардың бойында кәсіпкерлік ойлау және бәсекеге қабілеттілік құндылықтарын, қоғамға қызмет етуге уәждемесін қалыптастыру, оның жаһандық жағдайларға бейімделуіне жағдай жасау.

3. Мақсаты мен міндеттері

Қазақстанның барлық өңірлеріндегі тұрақты әлеуметтік бағдарланған бизнес жобаларды іске қосу, ауыл жастарының экономикалық және әлеуметтік ортаға қол жеткізуін арттыру, нақты жұмыс істеу.

Өңірлердің, оның ішінде, ауылдық жерлердегі белсенді, талантты жастарды анықтау және біріктіру;

Көшбасшылық мінез-құлық, кәсіпкерлік, жобалық менеджмент, коммуникация, стратегиялық ойлау, қарым-қатынас, сандық технология және жасыл экономика саласындағы жаңа құзыреттермен қаруландыру;

Аймақтардағы байқауға қатысушылардың нақты жобаларына бастама беру.